



**«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Қонысбай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы
қорытындының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша жұмыс
ЖОСПАРЫ
03.04.2023ж.**

№	Анықталған бұзушылықтар	Бұзушылықтарды жою іс-шаралары	Орындау мерзімі	Орындалғаны туралы белгісі
1	2022-2023 оқу жылындағы 0 «А», 0 «Б» мектепалды сыныптарының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі ұсынылған, алайда сурет салу, мүсіндеу, жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекет кестесінде көрсетілмеген.	сурет салу, мүсіндеу, жапсыруды ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне енгізу	25.04.2023	Жұмыс барысында
2	2020-2021, 2021-2022, 2023-2023 оқу жылдарындағы шағын орталықтың ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері берілмеген.	шағын орталықтың ұйымдастырылған іс-әрекет кестелерін енгізу	25.04.2023	Жұмыс барысында
3	2022-2023 оқу жылында ортаңғы «Еркемай» тобының перспективалық жоспарында қазақ тілі көрсетілмеген, математика пәгіздерінің орнына сенсорика деп көрсеткен.	перспективалық жоспарына қазақ тілін енгізу, математика негіздерін түзету.	25.04.2023	Жұмыс барысында
4	Циклограммада балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалармен іс-әрекеттері (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерітеу, еңбек, дербес) ұйымдастырылған, алайда мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында күні бойы режимдік сәттерде үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамытуға, қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрлерімен таныстыруға, белсенді сөздікті байыту жұмыстары циклограммада қарастырылмаған. Жалпы топтарда мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні	Аталған кемшіліктерді түзетіп, циклограммаға енгізу	25.04.2023	Жұмыс барысында

	бойы режимдік сәттерде үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету жұмыстарын жүргізу. Тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениеті, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру.			
5	2020-2021 оқу жылында ортаңғы «Асық» тобында циклограмманың құрылымы қыркүйек айының 1-аптасында ұйымдастырылған оқу қызметіне сәйкес келмейді. Мектепалды сыныбында ұйымдастырылған оқу қызметтері сауат ашу негіздері, өзін-өзі тану, қауіпсіздік негіздері ортаңғы топта жүргізілген. Циклограмманы құрастыру барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеру.	«Асық» тобының циклограммасындағы қыркүйек айының 1 аптасына ұйымдастырылған оқу қызметіне сай түзетулер енгізу. Мектепалды сыныбының циклограммасын құрылымын тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай құрастырып, түзетулерді енгізу.	25.04.2023	Жұмыс барысында
7	2022-2023 оқу жылында «Еркемай» ортаңғы, «Асық» ересек топтарының оқу жүктесесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының 3-қосымшасына сәйкес келмейді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын кіріктіріліп өткізілмеген.	«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының 3-қосымшасын негізге ала отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттерді күн сайын оқу жоспарына кіріктіріп, өткізу	25.04.2023	Жұмыс барысында
8	2020-2021 оқу жылында Сапархап Шыңғыс, Хасенов Рустам Бағдатович ересек тобында, мектепалды сынып тізімінде де қайталанған. 2021-2022 оқу жылында Вентлянд Евгений Евгенович 20.08.18 жылы туылған. Мектепалды сыныбының тізімінде көрсетілген, баланың жас ерекшелігі берілген топқа сәйкес келмейді. 2022-2023 оқу жылы ортаңғы топ тізімінде	2020-2023 оқу жылдарындағы шағын орталық және мектепалды дайылық топтарының тәрбиеленушілерінің тізімін дұрыстау.	25.04.2023	Жұмыс барысында

	(Рыспай Омар Жәнісұлы 23.07.2020 жылы туылған, жас ерекшелігі ортаңғы топқа сәйкес келмейтіні анықталды.			
9	Бекенова Сақыш Нариповна Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік Көкшетау университетін бітірген, дипломы бойынша мамандығы физика-математика мұғалімі алайда, технология пәнінен сабақ береді. Шалабаев Дастан Елемесович Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін тарих пәні мамандығы бойынша бітірген, Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік Көкшетау университетінің (Үздіксіз білім беру) институтында «География» білім бағдарламасы бойынша курстан өткен, алайда география пәнінен сабақ береді.	Дипломдары сәйкес келмейтін ұстаздардың орындарын дипломы бар ұстаздармен қамтамасыз ету	1.05.2023	
10	Білім ұйымның педагогтері Калиев Саят Хайруллович, Калиева Гульназ Койшыбаевна, Кошкинова Кульбағыш Манызовна, Мадина Айдаңа Жанатовна, Майданова Наргиз Болатовна, Мукажанова Бибигуль, Төлебек Сұлужан Канатқызы, Хасенова Айгуль Саткаримова, Боранбаева Умит Кайрлысевна біліктілік арттыру курстарынан өткені туралы акпарат берілмеген.	Біліктілікті арттыру курстарымен қамтамасыз ету	Аудандық ББ-не сұраныстар берілді: 17.10.2022 21.02.2023	Біліктілікті арттыру курстарына сұраныс берілді
11	Қол жуғыштың болуы және ауыз су бұрқақтарының болуы туралы мәлімет берілмеген.	Қол жуғыштың болуы және ауыз су бұрқақтарының болуы туралы мәлімет құру	25.04.2023	Жұмыс барысында

Мектеп директоры:



Касымова Г.Н.